Ойыншылардың ауырлықты көтеруінде жеке ерекшеліктері болатынын ұмытпау керек. Футболды жақсы ойнау үшін спортшының денсаулығы мықты болуы тиіс, кимыл қозғалысы сапалы, яғни, күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік, тағы басқа сол сияқты спорттық қасиеттерге ие болуы да керек. Физикалық дайындықтың ең жоғары деңгейі «мықтылықтың қорын» жүзеге асырады және жарыс кезеңіндегі тұрақты ойынды сақтауына мүмкіндік береді.

Индивидтің күш қабілетінің өмір ағымындағы табиғи өзгерісі оның жалпы жас ерекшелік физикалық процесі сияқты үш негізгі көпжылдық кезеңдермен бейнеленеді.

Ілгерімелі дамуымен (осы қабілеттердің жас ұлғайған сайын қарқынды өзгерісі барысында), салыстырмалы стабилизациясы мен жастық регресс (инволюция) кезеңімен ерекшеленеді. Жалпы динамометрикалық тексеру нәтижесі бойынша күштің ең жоғарғы көрсеткіші көбіне 25–30 жас аралығындағыларды, ал ең төменгі көрсеткіші 40 жастан асқан адамдарда байқалады.

Күш қабілеттерінің дамуының ең маңызды қарқыны (денеде байқалатын күштің көлемі бойынша) 13–14 және 15–18 жастағы бозбалаларда тіркелсе, бойжеткендерде одан ертерек және күш көрсеткіштері болып табылатын бұлшықеттері, яғни дене және аяқ бұлшықеттері, ең жоғары қарқынмен ұлғаяды. Салыстырмалы түрде 9–11 жас аралығындағы балаларда да күш көрсеткіштері жақсы дамиды (өз дене салмағынан 1 кг есебінде), басқа бұлшықеттері одан да тез дамитыны байқалған.

Ойыншының күштерін дамытуды күшті жалпы қатайтудан, яғни кешенді жүктемеден бастаймыз. Содан соң арнайы жүктемеге (футбол ойнауға ең қажетті деген бұлшықеттерді дамытуға), яғни статикалық жүктемеден динамикалық жай жаттығулардан күрделі жаттығуларға, көшеміз.

Күш жұмсалатын жаттығуларды босаңсу жаттығуларымен бірге қолданып (бұл бұлшықеттердің иілгіштіктігінің жоғалып кетуінен қорғайды), ал ауыр жаттығулардан кейін жеңіл жүгірістер, тарту және басқа да босандататын жаттығуларды, епті дамытатын ойындармен және суға түсу, жүзу жаттығуларын бірге қолдануға болады.

Дайындық кезеңінде күшті нығайту сабақтары жұмасына ең аз дегенде 2–3 реттен жүргізу керек. Футболдағы ойыншылардың күш қабілеттерін дамытудың бірнеше жолдары бар.

Қысқа мерзімді максималды жүктеме әдісі бір реттік күшті және күш жұмсалатын арнайы әрекеттерді жасау барысына қатысатын бұлшықеттер тобының мүмкіндіктерін тиімді дамытуға көмектеседі.

Толық күш беретін серпу әдісі тиімді режимдегі күшті ұзақ уақыт бойы көрсетуге мүмкіндік береді. Ойыншыларға жүктелген жүктеме алғашында қажетті нәтижені бермейді, тек ағза жаттығуды бірнеше рет қайталағаннан, шаршап жүктеме максималды физиологиялық әсер еткенде ғана нәтиже береді, бұлшықеттердің күшін дамытады.

Динамикалық жүктеме әдісі бұлшықеттердің жұмыс істеу жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді, бұлшықеттердің созылмалығын жоғарлатады, жүйке-бұлшықет координациясын жақсартады.

Баяулатылған жүктеме әдісі күш қабілетін дамытады. Футболшының доппен немесе допсыз ойын әрекетіне қажетті бұлшықет тобын дамытуға қолданылады. Жаттығулардың жылдам орындалуына назар аударылады.

Қыздар футболында күштің маңызы дау жоқ өте зор. Футболшы қызға аяғының бұлшықетін дамыту аса маңызды, бірақ дененің күшін, дене, мойын, қолдың жұмысын оған қоспау қателігіміз болатын еді. Кейбір минуттерде футболдағы күресте, қақтығыста, бұл қасиеттер қажет етеді. Сондықтан футболшының тек аяғы ғана күшті болуына жол бермеу керек.

Әрине, қозғалуға кері әсерін тигізбейтіндей шексіз күшті дамыту керектігі жайлы сөз болып отырған жоқ, бұлшықеттердің негізгі тобын ойын кезіндегі допты тебу және қозғалысты жеделдететін негізгі бұлшықеттермен қатар жан-жақты дамыту керек.

Күшті дамыту құралы болып, снарядтармен жаттығулар, ауыр гантельдермен (отырып-тұру, секіру), жеңіл гантельдермен, тығыздалған доптармен, орындықтармен, эспандермен, секіргішпен, болат жилеттермен жаттығулар; ауыр гимнастика (жеке және жұппен), дененің салмағын басып өту (бұрылыстар, иілулер, отырып-тұру, секіру); қарда және құмда жүгіру; саты бойынша жоғары төмен жүгіру; жұбыңның салмағы басып өту (сығу, көтеру, итеру); күш ойындары (тарту, күрес, нығыздалған доппен регби); футболға қажетті допты қағуға арналған жаттығулар (допты секіріп баспен соғу, ауадағы күрес) [7].

Футболшы қыздың әрекеті полярлық зонада өтетіні белгілі. Бір жағынан, 5–8 секундқа дейін жоғары қарқында қысқа мерзімді жұмыс (сүңгу, жеделдету, секіру, күрес және т.б.), екінші жағынан — шектелген жұмысқа жататын 90 минутке созылатын ойын барысы.

Шектелген жұмыстағы дайындық жоғары қарқынды жұмысқа кері әсерін тигізетінін ескерсек, футболда мәселенің барлығы шыдамдылыққа келіп тірелетіні айдан анық.

Футболшы қыздардың физикалық сапасы дамымайынша, жоғары дәрежелі футболшылардың жеке дайындығын қарастыруға болмайды. Физикалық дайындық, бұл жан-жақты дамудың, денсаулықты нығайтудың және физикалық қабілеттерді тәрбиелеудің әрекеті. Футболдағы физикалық дайындықтың мақсаты сайыс алаңындағы ең жоғары дәрежеге жету болып табылады.

Физикалық дайындық жалпы және арнайы болып екіге бөлінеді. Оқу жаттықтыру жұмысының тапсырмасында жалпы және арнайы дайындық бір-бірімен тығыз байланысты. Әрбір спортшы өзіне қажетті біркелкі дамуы мен қозғалу қабілетінің көтерілуі үшін жалпы физикалық дайындықты талап етеді. Арнайы физикалық дайындық белгіленген деңгейдегі шеберлікке қол жеткізу және қимыл қозғалыстың жетілдірілуіне өз үлесін қосады. Сол үшін жаттығуды әрбір іс-әрекетке және оның динамикасы мен құрылымына сәйкес келетіндей етіп таңдау керек. Ол үшін ойын алаңында жүрген ойыншы көбінесе жекеленуі тиіс.

Физикалық дайындықтың жалпы және арнайы деп бөлінуі тек шартты түрде ғана болғанымен, ойыншының әр түрлі кезеңдегі дайындығына дұрыс тапсырма таңдауына көмектеседі. Футболшының іс-әрекеті болып жатқан әрекеттің күнделікті өзгеруімен белгіленеді. Жылдамдық, секірулер жеңіл жүгірулер және жылдам жүрулермен ауысып отырады. Футболшылардың әрбір әрекеті оңай емес, бұл деп отырғанымыз ойын барысындағы ұзақ уақыт ішінде белгілі бір жылдамдықта болуы және допты жоғары деңгейде қолдану және сол мезетте қиын тактикалық тапсырмаларды шешу болып табылады. Мұнда көретініміз жоғары дәрежедегі маман иесі, яғни футболшы, мамандандырылған физикалық сапаға ие екендігі болып отыр.

Футболшылардың оқу жаттығуынсыз ешқандай нәтижеге жетпейтініне көз жеткізетін физикалық сапаны тереңірек қарастырып өтсек. Әрбір ойыншы футбол алаңында допқа секіру, серіктестеріне ешбір кедергісіз допты беру және 25–30 қадамдағы қашықтықта қарсыластарының қақпасына доп соғуы сияқты, және де бәр мезетте тоқтап, бір мезетте жүгіре алулары үшін көп күш қажет. Бұлшықеттің күші оның ұзындығының өзгерісі изометриялық болып, ал ұзындықты қысқарту изотоникалық, ұзындықтың үлкейуі полиметрикалық болып келеді.

Футболдағы бұл тәртіптің іс-әрекеті әр түрлі комбинацияда кездеседі. Футболшының физикалық дайындығын еске түсіргенде біз күштің үш түрлі категориясын көрсетуіміз тиіс, олар: қақпашының допты ұруы, қапталдан допты лақтыру және допты қабылдау барысындағы әрекеттер. Өмір ағымындағы индивидтің күш қабілетінің өзгеруі және үш түрлі көпжылдық кезеңімен сипатталады.

Ойын барысында ойын іс-әрекетін оның нәтижелілігін арттыру. Оған қоса, төзімділік бұл шаршауға қарсы тұру қабілеті деп айтуға болады. Спорт тәжірибесінде шаршаудың 4 түрін бөліп көрсетеді: ақыл-ой, сенсорлық, эмоционалдық және физикалық. Шаршаудың барлық 4 түрі футбол ойыншыларына да тән. Әрине, олардың арасында физикалық шаршаудың рөлі басым.

Төзімділіктің жалпы және арнайы түрлері ажыратылады. Жалпы төзімділік дегеніміз — адамның созылмалы уақыт ішінде орташа ауырлықтағы физикалық жұмыс атқаруы (ағаш шабу, жаяу жүру, жүзу). Арнайы төзімділік дегеніміз — спортшының физикалық жаттығулардың белгілі бір түрінде жұмыс қабілетін ұзақ уақыт сақтауы (жүзушінің, жеңіл атлет спортшының, футбол ойыншысының арнайы төзімділігі).

Арнайы төзімділік футболшының футбол ойынның соңғы минутына дейін ойынның берілген темпін сақтау қабілетінен көрінеді. Бұндай қабілет ағзаның жоғарғы деңгейдегі интенсивті жаттығуларды жасағанда өзінің қалыпты жағдайын (жұмыс қабілетін) сақтау мүмкіндіктеріне байланысты. Оны нерв жүйесі үрдістерінің жылдамдығы мен біркелкілігі сипаттайды.

Төзімділіктің жоғарғы дәрежесі моральдік және күш-жігер қасиеттерінің жоғарғы деңгейін қажет етеді. Күш-жігер — тұлғаның моральдік және ақыл-ой қасиеттерінің белсенді түрде көрінуі, спортшы алдындағы тосқауылды жеңе білуі және оны іштей біле тұра, күш-жігермен жеңе білуі.

Қарапайым іс-әрекеттер кезінде ойындық іс-әрекеттердің тез жылдамдықпен істелуі жылдамдығы кезінде 2 фазаны ажырата аламыз, үдеме шапшаңдық фазасы (бастапқы жылдамдық) және тұрақты шапшаңдық фазасы (спринтті жылдамдық). Ойыншының дамытатын максималды жылдамдығы динамикалық күштің дамуының деңгейінен ғана емес, сонымен қатар қозғалу техникасын меңгеру деңгейіне де тәуелді.

Күрделі ойындық іс-әрекеттерді орындау жылдамдығы жалпы қимылдау қабілетіне де қатысты. Біз әр түрлі ойындарға қатысты допсыз қозғалу комплекстерін қарастырамыз. Бастау комбинациялары, айналымдар мен секіру, жүріс-тұрыстың өзгеруі мен жүгіру бағыты кіреді. Ойыншы доппен қозғалу кезінде координацияны, яғни техниканы меңгеру деңгейін, көрсетеді. Ойын барысындағы іс-әрекеттердің техникалық жақтарын меңгеру футбол ойыншысына ритмдік және жылдам ойынды көрсетуге көмекші болады.

Футбол ойыншыларының әрекеттесу жылдамдығы ойынның ұйымдастырылуына байланысты. Бұл комбинация топтың стилін және ойыншылардың әрекеттестік қабілетін айқындай түседі. Қазіргі әйелдер футболы жағдайында күш сапасын дайындау өткір мәселеге айналып отыр. Өйткені қазіргі әйелдер футболында ерлер футболы секілді жылдамдықпен күшті бірінші орынға қойып отыр. Бұл дене сапалары дамыған жағдайда ғана қазақстандық әйелдер футбол клубтары мен ұлттық әйелдер футбол командалары үлкен жетістіктерге жете алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Штуденер Х., Вольф В. Тренировка футболистов. — М.: ФиС, 1970. — 272 с.
2. Гриндлер К., Пальке Д. Техническая и тактическая подготовка футболистов. — М.: ФиС, 1976. — 256 с.
3. Горбань А.Н., Шагов А.А., Суханова Е.Ю. Совершенствование содержания преподаваемых дисциплин в ИФК. Футбол как средство профессиональной подготовки студентов ИФК // Проблемы совершенствования системы высшего физического образования. — М.: ФиС, 1988. — 96 с.
4. Реан А. Педагогика спортивного коллектива. — М.: МОГИФК, 1987. — 215 с.
5. Козловский В.И. Организационно-методические основы подготовки футболистов. — М.: МОГИФК, 1988. — 128 с.
6. Попов В.Ф. Психическая регуляция и психодиагностика при формировании мотивации к напряженной спортивной деятельности // Пути повышения специальной работоспособности квалифицированных спортсменов. — Алма-Ата: МВСО, 1985. — 156 с.
7. Бөдеев М.Т., Рамашов Н.Р. Спорт ойындары. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. — 24–29-б.

ӘОЖ 001.895:378

Жоғары мектептің оқу-тәрбие процесіне педагогикалық инновацияны ендіру жолдары

Сабанбаев Н.И.¹, Дандыбаева А.С.²

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

²Қарағанды «Болашақ» университеті

В статье рассматриваются пути совершенствования педагогических инновационных технологий в вузе. Проанализированы научные исследования зарубежных и отечественных ученых по данному направлению, выделены виды, средства и методы педагогических инноваций, используемые в учебном процессе вуза, описаны их основные направления. Авторы отмечают, что инновационные технологии обучения формируют не только систему знаний, но и личностные и профессиональные характеристики, необходимые будущему специалисту для саморазвития и успешной социализации в будущем.

Ways of perfection of pedagogical innovative technologies in high school are considered in the article. Scientific researches of foreign and domestic scientists on problems of a pedagogical innovation in high school are also analyzed. Kinds, means and methods of pedagogical innovations used in educational process of high school are allocated. Basic directions about introduction of pedagogical innovations in high school are described by authors of the article. Innovative technologies of training form not only system of knowledge, but also the personal and professional characteristics necessary for the future expert for self-development and successful socialization in the future.

Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жетістіктері, ең алдымен, олардың білім жүйесімен, азаматтардың білім деңгейімен анықталатыны белгілі. ХХІ ғасыр — жаһандық жаңалықтар мен білімнің дәуірлеу ғасыры, өйткені ол қазіргі кезде мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуде,

сондай-ақ әлемдік нарықтағы, әлемдік қоғамдастықтағы орнын айқындап, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін көтеруде айырықша маңызды рөл атқарады.

Жоғары білімді дамыту процесі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысты, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады. Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесінің бірінші кезектегі міндеті жоғары білікті мамандарды оздыра даярлау болып табылады.

Жоғары оқу орындарының білім деңгейін көтеру үшін оқу процесінде педагогикалық инновацияларды кеңінен енгізіп, барлық ұйымдастырушылық, білімділік, дамытушылық сапасын көтерудің тың жолдарын, әдіс-тәсілдерін қалыптастыру қажет. Ол үшін білім беру жүйесінің мазмұны жаңа міндеттермен толықтырылып, өмір талабына сай жаңаша саналы тәрбие, сапалы білім берілуі керек.

Осыған орай педагогикалық қызметке ынтасы жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгерістерге икемді, жаңа технологияларды оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалана алатын мұғалімдерді дайындау оларды кәсіби дайындаудың ең көкейкесті аспектісінің бірі және педагогтың жеке тұлғасын қалыптастырудағы іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.

Осы айтылғандардың барлығы жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлауда инновацияны пайдалану ерекше мәнге ие болып отырғандығын байқаймыз.

Жоғары оқу орындарында инновациялық технологияларды қолдана отырып, оқыту — таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы. Инновациялық технологияларды тіркесі бүгінгі күні педагогикада, оқу-тәрбие үрдісінде ең жиі қолданылатын ұғым болып отыр.

Жаңа енгізілген, немесе инновация, адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанасына айналды. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми әдістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан, ол басқаруды қажет етеді. Педагогикалық процестің инновациялық стратегиясында жаңашылдық процестерді тікелей алға апарушылар ретінде жоғары оқу орындары, оқытушылар, мектеп директоры, мұғалімдер мен тәрбиешілердің рөлі арта түсуде. Оқыту процесінің көптүрлілігіне қарамастан, дидактикалық, компьютерлік, проблемалық, модульдік және жетекші педагогикалық қызметті іске асыру оқытушының еншісінде қалып отыр. Оқу-тәрбие процесіне қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне байланысты мұғалім мен тәрбиеші кеңесшінің, ақылшының және тәрбиешінің қызметін одан әрі игеруде. Осы негізде педагогикалық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық қалыптасады.

«Инновация» ұғымы ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық», «жаңашылдық», «өзгеріс» деген ұғымды білдіреді. Инновация құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері, мақсаты мен мазмұнын, мұғалім мен студенттің бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді. Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды, олар: озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу проблемасы. Соған сәйкес инновациялық процестердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысуында пайда болатын теориялық және практикалық жаңалықтарды қолдануы қажет. Бұның барлығы педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі. Себебі оқытушы жаңа педагогикалық технологияның, теория мен концепцияның авторы, талдап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихатшысы қызметін атқарады. Осы процесті басқару оқытушының өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымындағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс тандап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді. Ал педагогикалық қызметте инновациялық бағыттылықты қазіргі заманғы білім беру, қоғамдық және мәдени даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлармен айқындалады.

1. Біріншіден, қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар білім беру жүйесін, әдістемесі мен түрлі типтегі оқу орындарының оқу тәрбие процестерін ұйымдастырудың технологиясын түбірінен жаңартуды талап етуде. Педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және

пайдалануға негізделген мұғалім мен тәрбиеші қызметінің инновациялық бағыттылығы білім беру саясатын жанартудың құралына айналуға.

2. Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендірудің күшеюі, пәндерінің көлемі мен құрамының үнемі өзгеріске ұшырауы, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде. Осы жағдайда мұғалімдер арасында педагогикалық білімнің рөлі мен беделі арта түсіп отыр [1].

Бұл проблеманың көкейкестілігі, әсіресе кәсіби әрекеті тікелей шығармашылықпен байланысты болашақ маманды даярлау барысында арта түседі.

Жоғары мектеп педагогикасының күрделі маңызды мәселесі — студентті келешек мамандығына жақындату, іскер маман даярлау, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыру, қажетті біліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Осындай жан-жақты жетілген маман даярлау үшін оқыту, білім беру процесін жетілдіру, жаңа педагогикалық технологияларды, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін енгізу керек. Сонымен бірге оқу процесін қарқындалту, белсендіру, ақпараттандыру да көзделді.

Инновациялық проблемасын қарастыратын қазақстан ғалымдарының зерттеу еңбектері қызығушылық тудырады:

- ақпараттық технологиялар дамуы (Д.Д.Джусубалиева, Е.О.Жұматаева, Ж.А.Қараев, Г.К.Нұрғалиева, Г.О.Тәжіғұлова, Л.А.Шкутина, М.С.Мәлібекова және т.б.);
- педагогикалық инновациялардың дамуы (Б.Ә.Әбдікәрімов, С.Ә.Әбдіманапов, Е.З.Батталханов, С.Н.Лактионова, Ш.Т.Таубаева және т.б.);
- мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті (М.Ж.Жадрина, С.Ж.Пралиев, Қ.М.Нағымжанова және т.б.).

Жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеу еңбектеріне жасалған талдаулар авторлардың өздерінің зерттеу объектісіне қарай педагогика ғылымына айтарлықтай үлес қосқан. Педагогикалық инновация жеке тұлғаның тұрақты сапалық белгісі ретінде оқушының жан-жақты дамуына жағымды ықпал етеді, ақыл-ойын, ерік-жігерін, ойлау, елестету қабілетін, эмоциясын білдіретін интеллектуалдық іс-әрекетінде көрініс береді. Сонымен қатар педагогикалық инновация жеке тұлғаның танымдық мүмкіндіктерін және қоғамдық бағытын, болмысқа деген көзқарасын қалыптастыратынын ескерсек, зерттеу проблемасының көкейкестілігі нақтылана түседі.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың 80-жылдары кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. «Жаңару» (новшество) дегенімізді былай деп түсіндіреді: «Жаңару — белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея».

Соңғы кездерде педагогикалық практиканың жаңаруы мәселесімен байланысты педагогикадағы педагогикалық инновациялық білім саласы мен қызметіне деген қызығушылық арта түсті.

Педагогикадағы инновацияның маңыздылығы жөнінде мына ғалымдардың еңбектерінде талданған: М.С.Бургин, В.В.Горшков, С.Д.Поляков, В.И.Загвязинский, М.М.Поташник, Г.П.Щедровицкий, Н.Р.Юсуфбекова, Н.Нұрахметов және тағы басқалар.

Н.Нұрахметов [2] инновацияны мынадай топтарға бөледі:

- білім мазмұнындағы инновация;
- оқу-тәрбие процесінің әдістемесі, технологиясы, түрі, әдістері және құралдарындағы инновация;
- оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы инновация;
- мектептегі басқару жүйесіндегі инновация.

Жаңалықтан кейін болған өзгерістердің сипатына қарай топталған инновацияның түрлері:

- жеке, бір-бірімен байланысы жоқ;
- модульдық (бір-бірімен байланысты): бір-біріне жақын пәндерге және жас деңгейлері бірдей оқушылармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарына енгізілген жаңалықтар;
- жүйелі: барлық мектептерде болатын өзгерістер.

Иновацияның түрлері: модификациялық, комбинаторлық, түбірлі. Модификациялық инновация — педагогикадағы әдіс-тәсілдерді жетілдіру. Мысалы, А.С.Макаренконың қиын балаларды тәрбиелеу әдістерін А.Бсқақов осы заманға лайықтап қолданды [3]. Комбинаторлық инновация — белгілі

әдістердің элементтердің бір-біріне қосу. Инновацияның бұл түрін қазіргі кезде тілдерді оқыту әдістемесімен айналысатын ғалымдар қолдануда. Түбірлі: мектепке білімнің мемлекеттік стандарттарының енгізілуі. Инновациялық іс-әрекет — қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына сай мектеп жұмысын дамытатын, мектеп өміріне оң өзгерістер әкелетін іс-әрекет. Әрбір мұғалім өзінің оқу-жұмысын дамыту үшін түрлі құралдар арқылы өзінің іс-әрекетін саналы түрде өзгертеді. Инновациялық процестің кезеңдері:

- иновацияның себептері;
- жаңалықты жобалау;
- жаңалықты жүзеге асыру.

Инновациялық іс-әрекетке орта да әсер етеді. Мектеп жаңалықтың себебін, жобасының дұрыстығын дәлелдеп, жаңалыққа мұғалімдерді, оқушыларды, ата-аналарды қызықтыра білгені жөн.

Педагогикалық инновациялардың жаңаруы білімнің қалыптасуындағы процесс ретінде анықталады. Ол материал идея, әрекет, форма, әдіс, концепция, қайта құру бағдарламасы ретінде пайдаланылады. Және де материалды қолдану жолдары, қазіргі замандық шарттардағы енгізулер үшін таңдау арқылы жүзеге асырылады.

Алайда педагогикалық инновацияларды жаңалықтардың оқу-тәрбие процесіне ену ретінде қарастыруға болады. Бұл жаңалықтың енгізілуі немесе жақсарту мақсатындағы өзгерісте болуы мүмкін. Мұндағы жаңалықтың енгізілуі мүлдем жаңа нәрсе болуы шарт емес, бірақ бұл қазіргі заман жағдайындағы жақсы нәрсе болуы тиіс, яғни қазіргі заманға сай алдыңғы қатарлы жаңалық болуы керек. Мысалы, Н.Г.Осухова мен В.А.Рахматшаеваның [4] пікірлері бойынша, «инновация» термині тек жаңа нәрсе ғана емес, сонымен қатар көкейкесті ұғымы енгізілу керек. Бұл өзгерістердің белсенді, әрі жағымды сипатын ғана емес, олардың әлеуметтік қажеттілігін де білдіреді.

Белгілі И.М.Паталиник [5]: «Инновация — оқу бағдарламасын меңгертуде мұғалімнің оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын тиімді игеруі», — деген, ал Н.Ф.Талызина [5]: «Иновациялық технологияларды қолданудың негізгі міндеті — сабақ үрдісінде белгіленген мақсатқа жетуде ең тиімді әдістерді таңдай білу» деген анықтама береді.

Ал М.С.Бургин [6] педагогикалық инновациялардың мынадай бес түрін көрсетеді: жаңа, локальді мүлдем жаңа, шартты жаңа, нормативті жаңа және субъективті жаңа түрі. Бұл ғалым жаңалықтың мынадай келесі сипаттарын көрсетеді: нәрсенің басқада қайталануы, нәрсенің мәнсіз өзгерістерімен қайталануы, нәрсенің нақтылануы мен жаңа элементтерімен толықтырылуы және жаңа сапалы объектінің пайда болуы.

К.Ангеловски [7] өз зерттеулерін француз, америка ғалымдарының еңбектеріне сүйеніп жүргізеді. Біз автордың бұл көзқарастарын жақтаймыз. Мысалы, автор өз еңбегінде француз ғалымы Э.Брансуик [7] еңбегін талдап, оның инновацияны мынадай үш түрге бөліп қарастырғанын көрсетеді:

1. Жаңалық ретінде, білім беру жүйесіндегі толығымен жаңа, бұрын мүлде белгісіз болған идеялармен іс-әрекеттер болады.

2. Ең көп кездесетін бейімделуден өткен, кеңейтілген және қайта өңделген, белгілі ортада, белгілі кезеңде өте қажетті идеялармен іс-әрекеттер.

3. Педагогикалық жаңалықтар мынадай жағдайда дүниеге келеді: мақсатты қайта қоюға байланысты бұрын болған істер қайта жаңарады. Өйткені жаңа жағдайлар бұлардың нәтижесін және белгілі жағымды идеялардың нәтижелеріне келу болады.

Сонымен, жаңа жағдайда пайда болатын педагогикалық инновациялар мақсаттардың қайталануына қарамастан, ертеректегі кейбір оларға кепілдік беретін әрекеттерді тудырады.

А.О.Мұхаметжанова [8] берген мақаласында: «Жоғары оқу орнынан бастауыш сынып мұғалімі рухани дамыған, шығармашылықпен жұмыс істей алатын, кәсіби дағдыларды, педагогикалық дарындылықты бойына сіңірген және жаңашылдыққа құштарлығы басым маман болып шығуы тиіс; әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу мақсаты қойылып отырған қазіргі кезде білім беруші, пәнді оқытушы бастауыш сынып мұғалімінің орнына жаңа педагогикалық технологияларды, оқытудың ақпараттық құралдарын, тәрбиенің жаңа нысандарын, зерттеушілік және ізденушілік қызмет дағдыларын меңгерген кәсіби білікті педагог келуге тиісті», — деп атап өткен. Автор болашақ мұғалімдерді педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлау жолдарын, әдістемесін көрсетіп, педагогикалық инновацияны игеру жолдарын былайша талдаған.

I-үлгі:

1. Педагогикалық инновациямен танысу.

2. Ауыл мектептерінде пайдаланылатын педагогикалық инновацияны талдау.

3. Педагогикалық инновацияның шешілу жолының анализі.
4. Педагогикалық инновацияны игеру жолын таңдау, ұйымдастыру.
5. Шешімнің салдарын болжау.
6. Сынақ (қабылданбауы мүмкін).

II-үлгі:

1. Педагогикалық инновациямен танысу (алғашқы ақпарат).

2. Педагогикалық инновацияға қызығушылықтың пайда болуы. Қосымша әдебиеттерді, жаңа технологияларды, жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңа идеяны іздестіру.

3. Ауыл мектептерінде пайдаланылған педагогикалық инновацияны бағалау және шешімін шығарып көру.

4. Сынақ (қабылданбауы мүмкін).

Автордың берген талдауымен келісіп, мынадай ой түюге болады. Жалпы болжам бойынша, бұл өзгерістер қазіргі замандық жағдайлардағы жаңалық болуы тиіс. Бірақ ол әрқашанда толығымен жаңа идеялар немесе формалар бола бермейді. Кейбір мақсаттық түрде бағытталған өзгерістер жөнінде инновациялар деп айта алмаймыз. Егерде олар бір кездері бір жерде пайда болып, бірақ дәл қазіргі сәтте берілген ортада олар ерекше мәнге ие болып, оқу-тәрбие процесіндегі субъектілердің тұлғалық дамуын қалыптастыра алады.

Ғалым Ш.Т.Таубаева [9]: «Югославия ғалымдарының келтірген үлгілерінен жаңалықты оқыту формасына, әдістемесіне, білім беру құралдарына, оқыту мазмұнына, алған білімді бағалауына, білім беру мақсаты мен міндетіне, тәрбие жүйесіне, мұғалім мен оқушы қатынасына байланысты жіктеуге болатындығын айқын көруге болады», — деп көрсетеді.

Ғылыми шығармашылық ізденістің тек басында не аяғында немесе ол тұтас педагогикалық процеске толығымен енеді. Сондықтан педагогикалық инновация үздіксіз ғылыми-зерттеу қызметін талап етеді.

Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудағы инновациялық білім мазмұны жаңа білімді меңгерудің, оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Мұғалімдерге педагогикалық инновациялық білім берудің формаларына: арнайы инновациялық курстар, семинар-конференциялар, педагогикалық тренингтер, инновациялық педагогикалық оқулар мен форумдар, ғылыми жобаны қорғауға арналған әр түрлі байқаулар мен жарыстар және т.б. жатады. Инновациялық білім беру әдістеріне: әңгімелесу, пікірлесу, талқылау, жаттығу, сұрақ-жауап, миға шабуыл және т.б. эвристикалық әдістер жатады. Инновациялық білім беру құралдары: аудио-, бейнеқұралдар, компьютер, интерактивті тақта, Интернет, компьютерлік-мультимедиалық құралдар, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, медиатека, инновациялық ақпараттық қор, инновациялық веб-сайт және т.б.

Озат тәжірибені зерттеу және оны тұтас педагогикалық процеске енгізу қажырлы еңбекті, терең сауаттылықты, өз пәніне еркін иелік етуді, теория мен практиканың дамуында үнемі жаңалықты біліп отыруды талап етеді. Мұғалім озат педагогикалық идеяларды және жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесін игеру үшін оларды өзінің педагогикалық жүйесінің құрамдас бөлігі етіп, жетілдіріп дамытады.

Осы айтылғандарды қорыта келе, біз алдыңғы қатарлы тәжірибе педагогикалық қызметте бағдарланған, тиімді тәжірибесі деген ойға келдік. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе оқу-тәрбие процесіндегі кейбір ескірген дәстүрді ұйымдастыру түрлеріне сын көзбен қарап, тәжірибе қажеттілігіне сәйкес жаңа мәселелер тудырып, үйреншікті тәжірибенің шеңберін кеңейтіп, тереңдетіп отырады. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе — бұл прогрессивті тәжірибе. Яғни, оның болашағы зор.

Педагогикалық жаңалықты практикаға енгізу қызметін басқару бұл жұмысқа автордың қатысуын жоққа шығармайды, қайта оның дербес шығармашылық мүмкіндіктеріне ынталандырып, қабілетін дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Осылайша жоғары оқу орындарына жағдайында педагогикалық инновацияны жасаушылар мен насихаттаушылардың күші біріктіріледі. Нақты практикада инновациялық процестердің сипаты алынған нәтиженің мазмұнымен, енгізілуге тиісті жаңалықтың күрделілік деңгейімен, сол сияқты практиктердің инновациялық қызметіне дайындығының деңгейімен ерекшеленеді.

Инновациялық бағыттылық белгілі бір жаңа енгізілімнің тиімділігіне баға беретіндей нақты критерийлерді пайдалануды қажет етеді. Педагогика бойынша зерттеу тәжірибелеріне сүйене

отырып, педагогикалық жаңалықтың мынадай критерийлер жиынтығын анықтауға болады: жаңашылдық, тиімділік, жоғары нәтижелік, бұқаралық тәжірибеде шығармашылықпен қолдану мүмкіндігі.

Инновацияның негізгі критерийі ғылыми педагогикалық тәжірибеге де баға беруде басшылыққа алынатын жаңашылдық деп білеміз. Сондықтан инновациялық процеске араласқысы келетін оқытушы қолға алған жаңалығының мәнін, оның жаңашылдығының деңгейін анықтап алуы қажет. Біреулер үшін жаңалық болып табылатын құбылыс екіншілер үшін олай болмауы мүмкін. Осыған байланысты оқытушыларды инновациялық процеске тартқанда олардың еріктілігін, тұлғалық ерекшелігін, дербестік-психологиялық мінездемелері ескерілуі тиіс. Жаңашылдықтың бірнеше деңгейін бөліп көрсетуге болады. Олар: абсолютті, локальді-абсолютті, шартты, субъективті, танымалдық деңгейі және қолдану аймағы бойынша. Критерийлер жүйесіндегі оптималдық нәтижеге қол жеткізу оқытушы мен студенттің жұмсаған күшінің шығыны мен қолданған тәсілінің тиімділігін айқындайды. Әр түрлі оқытушылар әр түрлі еңбек жағдайымен бөлек студенттер ортасында бірдей жоғары нәтижеге қол жеткізеді. Оқу процесіне педагогикалық инновацияны енгізіп, барынша аз дене, ой еңбегін және аз уақыт жұмсап жоғары нәтижеге қол жеткізу оның тиімділігін білдіреді. Нәтижелік инновацияның критерийі ретінде оқытушы қызметіндегі оң нәтижелердің барынша тұрақтылығын білдіреді. Өлшемдегі технологиялық, нәтижені бақылау мен белгілеудегі, түсіну мен баяндаудағы тұтастық бұл критерийді, жаңа әдістің маңыздылығын, оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдерін бағалаудың басты құралына айналдырады. Инновациялық бұқаралық тәжірибеде шығармашылықпен қолдану мүмкіндігі педагогикалық инновацияны бағалаудың критерийі ретінде қарастырылады. Шындығында, құнды педагогикалық идея немесе технология шартты ерекшеліктерімен, күрделі техникалық жаратандырылуымен немесе мұғалім қызметінің ерекшеліктерімен тар шеңберге тығылып, қолдану мүмкіндігі шектеулі болса, онда біз педагогикалық жаңашылдық туралы айта алмас едік. Инновацияны бұқаралық педагогикалық тәжірибеде қолданудың бастапқы кезеңі жекелеген оқытушылар мен тәрбиешілердің қызметіне негізделгенімен олар сыннан өтіп, объективті баға алған соң ғана жалпыға бірдей қолдануға енгізуге ұсынылуы мүмкін. Жоғарыда аталған критерийлерді білу және педагогикалық инновацияны бағалауда қолдана алу педагогикалық шығармашылыққа негіз қалайды.

Арнайы әдебиеттерді және мектеп қызметінің тәжірибесін талдағанда оқу орнының жұмысында педагогикалық жаңалықты практикада қолдануға белсенділіктің төмен екендігін аңғарамыз. Ал осындай педагогикалық инновациялардың іске асырылмай қалуының ең кем дегенде екі себебін атауға болады. Бірінші себеп, инновацияның қажетті сараптама мен сыннан өте бермейтіндігі. Екінші себеп, педагогикалық жаңалықты көбіне ешқандай алдын ала ұйымдық, техникалық, ең бастысы тұлғалық, психологиялық қатынастар тұрғысында дайындықсыз енгізіледі. Педагогикалық инновацияның мазмұны мен критерийлерін тап басып тану, оларды қолданудың әдіс-тәсілін меңгеру жеке оқытушының бірге оқу орнының жетекшісіне де оны енгізуді объективті бағалау мен болжамдауға мүмкіндік береді.

Жоо-да жоғарының нұсқауымен енгізілген инновациялық жаңалықтар қысқа мерзімде ұмытылып кетеді немесе бұйрықпен тоқтатылады. Осы сияқты жағдайлардың негізгі себептерінің бірі — жоғары оқу орындарында инновациялық ортаның белгілі бір ұйымдық, әдістемелік, психологиялық сипаттағы оқу процесінде инновацияны енгізуді қамтамасыз ететін кешенді шаралардың болмауы. Бұндай инновациялық ортаның болмауы мұғалімдердің әдістемелік тұрғыдан дайындықсыздығын, оларда педагогикалық жаңа енгізілімнің мәні туралы мағлұматтың аздығынан байқалады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдауда педагогикалық инновация бүгінгі күнде бірліктегі түсініктің болмауы жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Бұл термин әр түрлі мәндерде қолданылады. Біз педагогикалық инновацияларды әр түрлі бастамалар мен жаңалықтардың негізінде пайда болатын көкейкесті мәнді және жүйелік ұйымдастырушы жаңалықтары деп түсінеміз. Бұл білім эволюциясы үшін болашағы мол және оның дамуына, мультимәдениеттік кеңістіктің кеңінен дамуына жағымды әсерін тигізеді деп айта аламыз.

Бүгінде педагогикалық ой-пікірдің даму қарқынына орай адамға қажетті білім деңгейінің де артқаны анық. Сондықтан ең маңыздысы оқушылардың өздігінен дамуын, шығармашылық деңгейінің артуын, тұлғалық сапаларының қалыптасуын қамтамасыз етуі керек. Сондықтан педагогикалық инновацияны сұрыптап, таңдап алу және оның мәнін терең түсініп, оқу процесінде пайдаланған жөн.

Әдебиеттер тізімі

1. Сәбденова Г. Инновациялық технология — оқу үрдісінде // Қазақстан мектебі. — 2009. — № 7. — 62–64-б.
2. Әуезов Б. Болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындауда инновациялық оқытудың мәні // Білім берудегі менеджмент — Менеджмент в образовании. — 2009. — № 1. — 91–94-б.
3. Бұлақбаев М.К. Инновациялық технологияларды болашақ мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамытуда қолданудың маңызы // Білім берудегі менеджмент — Менеджмент в образовании. — 2009. — № 2. — 66–69-б.
4. Осухова Н.Г., Рахматшаева В.А. Проблемы функционирования педагогических инноваций // Инновационные процессы в образовании. — 1990. — С. 25–29.
5. Сарбасова Қ.А. Инновациялық педагогикалық технологиялар: Оқу құралы. — Алматы: Атлас баспасы, 2001. — 175-б.
6. Бургин М.С. Инновации и новизна в педагогике // Советская педагогика. — 1989. — № 12. — С. 36–40.
7. Ангеловски К. Учителя и инновации // Книга для учителя. — М.: Просвещение, 1991. — 158 с.
8. Мұхаметжанова А.О. Мұғалімді даярлаудағы педагогикалық инновациялар // Жаһандану және қазіргі замандағы университеттер: Халықарал. ғыл.-практ. конф. материалдары. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. — 76–78-б.
9. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования: Научный фонд и перспектива развития. — Алматы: Ғылым, 2001. — С. 296.

ӨЖ 371.3:81'243

Ойындар арқылы шетел тілін оқытуды ынталандыру

Өтемісов Е.Е.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В данной статье рассматриваются вопросы использования игровых элементов как средств обучения иностранному языку. Автор анализирует пути разъяснения тем, приемлемые для развития мыслительных действий учащихся. Обсуждаются методы обучения иностранным языкам (при объяснении и выполнении грамматических заданий) с помощью использования различных интересных игр. Опираясь на опыт и мнения иностранных специалистов в области педагогики, автор рассматривает вопрос четкого и доступного объяснения материалов с грамматическими заданиями, используя конкретные примеры с элементами игр.

In this article, we tried to find out the best ways of teaching foreign languages, namely English, mostly using ways of teaching language through games. We analyzed several points of view, including masterminds in pedagogical area. Up to them games have the most interesting and vital role in teaching languages, because through games teaching becomes more than an academic lesson. Trying to show the importance of using games in language teaching we gave examples of most efficient and useful games in teaching grammar. Grammar cannot be parted or reduced from language teaching. Therefore we tried to show the importance of games in teaching languages depending on masterminds in pedagogical science and our own practice.

Қазақстан — бүгінгі таңда өз алдына дербес мемлекет. Егемен ел ретінде шет елдермен қарым-қатынасы нығайып, беделі артып келеді. Бұл шетел тілін оқытуды, жақсартуды талап етеді. Ал оқытуды жақсарту дегеніміз — оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту. Бұл мақаланың мақсаттары: тіл үйретуде ойындардың маңызы, тіл мамандарының ойын қолданысы туралы ой-пікірлерін салыстыру, мысалдар арқылы ойындардың тиімділігін анықтау.

Қазіргі кездегі мектептердің басты мақсаты балаларға заманға сай білім беруді ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады. Яғни мұғалім оқушыға білім беру барысында оның кәсіби мәдениеті мәселені көру және оны шешу жолдарын таба білу, алдына қойған міндеттерді шығармашылықпен орындау қабілеттерін дамыту керек. Ол үшін білім беру процесі барысында ұстаздар қазіргі заманға сай педагогикалық технологиялар әдістер және оқу-әдістемелік кешендерді қолдана білу қажет. Әсіресе тілді үйрету барысында мұғалім оқыту процесін жетілдіру және дамыту мақсатында өзінің педагогикалық шеберлігін сабақ барысында қолданатын әдіс-тәсілдер, оқу-әдістемелік құралдар мен тағы да басқа білім беру процесінің элементтерін дамытып, балалардың шет тілін үйрену, білу деңгейін көтеруі тиіс.

Бүгін әрбір мектептің негізгі мақсаты — қоғамда қалыптасқан негізгі қажеттіліктерді және мемлекеттік бүгінгі заманға сай ұлттық тәрбиесі, жоғарғы кәсіби білімі бар, алдына қойылған мәселелерді шығармашылық пен әрі жанашылдықпен шеше білетін, жан-жақты білімі бар және шет тілдерін терең меңгерген ұрпақты қалыптастыру. Бұл орайда біздің қоғамымызда шет тілдерін үйрететін мұғалімдердің рөлі жоғары. Өйткені олардың міндеті оқушыға шет тілдері бойынша қазіргі заманға сай тіл білімдерінің негізін үйрету, шет тілінде еркін сөйлеп өз ойын білдіру қабілетін дамыту және тілін үйреніп жатқан елдің тарихын, мәдениетін қоса оқыту болып табылады. Әсіресе ХХІ ғасыр жаһандану және ел мәдениеттерінің интеграциялану жағдайында оқушыларға шет тілдері бойынша терең теориялық және практикалық негіздер қалыптастыру өте маңызды. Сондықтан да біздің мақаламыздың негізгі ерекшелігі — шет тілдерін үйрету бойынша оқушылардың білімдерін және сабақ барысында үйрену тетіктерін түрлі интерактивті, ақпараттық, мультимедиалық және тағы да басқа озық технологиялар, әдістер, педагогикалық технологиялар кешендері бойынша зерттеу жүргізіп, оның ғылыми негіздемесін көрсету.

Шетел тілін оқыту қоғамдағы сол тілге деген мұқтаждыққа байланысты өзгеріп отырады. Бүгінгі таңда орта мектепте шетел тілін оқыту төрт түрлі мақсатты дамытуды көздейді, олар: коммуникативті қарым-қатынас мақсаты, тәрбиелік, білімділік және жетілдіру мақсаты. Аталған мақсаттардың арасында коммуникативті қарым-қатынас мақсаты ең маңызды рөл атқарады, ал қалған мақсаттардың нәтижелері коммуникативті қарым-қатынас мақсатын орындау барысында жүзеге асады.

Орта мектептегі шетел тілін оқытудағы ең басты мақсат коммуникативті қарым-қатынас мақсаты болуы тиіс, өйткені орта мектеп түлегі пән бағдарламасындағы белгіленген шетел тілі көлемін қатынас құралы ретінде меңгеріп, қолдана білуі тиіс. Яғни, сөз әрекетінің түрлерін: диалог және монолог түрінде сөйлеу, айтылған сөздерді түсініп тыңдау, жазылған мәтіндерді оқу және ондағы ақпаратты қабылдай алу іскерліктерін меңгеріп, қолдана білуі тиіс.

Орта мектепте шетел тілін оқыту жоғарыда айтылған практикалық мақсатпен қатар білімділік мақсатын да көздейді. Мәселен, шетел тілін оқытуда оқушылардың тілдік және сөздік білімін нығайтып, дамытумен қоса жалпы дүниетаным туралы ой-өрісін кеңейтеді. Шетел тілін үйрену барысында үйреніп отырған тілдің ел тарихымен, мәдени мұраларымен, әдебиетімен, көркем өнерімен, ғылымдағы жетістіктерімен танысады.

Қазіргі қоғамда болып жатқан терең әлеуметтік өзгерістер білім берудің дамуына жаңаша жағынан келуді, педагогикалық ғылымның әдістемелері мен парадигмасын өзгертуді талап етеді. Осыған байланысты өркениетті елдерде білім беруді ұйымдастыруда екінші жол пайда болды. Бұл әдістеме бойынша нақтылап айтатын «Не үшін оқытамыз?» деген сұраққа жауап алудан басталады. Бұл нәтижелерге жеке пәндер бойынша меңгерген білім, білік, дағды емес, өмірлік дағдылар жатады. Бұдан кейін шешілетін мәселе «Оқушыны қалай үйрету керек?» деген сұрақпен байланысты. Мұғалім оқушыларға жүйеленіп өңделген оқу материалын дайын күйінде ұсынбайды. Баланы өздігінен ізденіп, өзіне қажет білімді іздестіруге керекті қасиеттермен (білік, тәсіл т.б.) қаруландырады. Осындай негізде ұйымдастырылған оқу үдерісінің нәтижесінде оқушылар өмірге қажетті кең ауқымды дағдыларды, құзырлықтарды игеріп шығады.

Шетел тілін меңгеру барысында көзделетін ең маңызды жайт — оқушыларды өз бетімен жұмыс істеп, алған білімін әр түрлі жағдайларда шығармашылық және тапқырлықпен қолдануға машықтандыру. Оқыту процесінің мақсаты — оқушылардың дүниетанымын кеңейте отырып, оқытылып жатқан тілдің білімін арттыру. Сол себепті анықтама әдебиеттер пайдалану, мәтін мазмұнын өз бетімен түсіну және қысқаша айтып беру, хабарлар дайындап, сол туралы өз пікірін айтып, баға беру секілді әрекеттерге дағдыландыру қажет.

Шетел тілі пәні оқушылардың білім көтеруге ұмтылуына, дүниеге деген көзқарасын, сана-сезімін, рухани және эстетикалық көзқарасын қалыптастыруына, жан-жақты дамуына әсер етеді. Шетел тілін оқу процесінде оқушылар ойын жинақтап, сөйлейтін сөзін жоспарлауға икемделеді, әрі сөз әдебін дұрыс қолдануға дағдыланады.

Шетел тілі тек мектепте оқыту ғана емес, шарттарды ескере отырып, оқушылардың мектептен кейін де шет тілін оқу және түсіну қабілеттерін қалыптастыруға мән берілуі керек. Сол себепті шетел тілін оқытудағы практикалық мақсатты жүзеге асырудың ең маңызды шарты — оқыту әдіс тәсіліне, коммуникативті қарым-қатынастық бағдар берілуіне назар аударылады.

Коммуникативтік лингвистика саласында қазіргі ғылыми зерттеулер нәтижелері, шетел тілдерін оқытуда көптеген теориялық және практикалық мәселелерін, дәлірек айтсақ, оқытудың мазмұны

туралы мәселені жаңа әдістер қолдана отырып, жаңа тұрғыдан шешу керектілігін көрсетуде. Бүгінгі күнде шетел тілінің атқаратын ролі ерекше маңызды. Адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасауында, мән мағынасы бар міндеттерді ойдағыдай шешу және түсінісуде жәрдемге келетін әдіс-тәсіл және құралдар секілді мәселелерді дамытуға арнайы көңіл бөлуде.

Оқытушы оқушыларға шетел тілін үйретпес бұрын келесі сұрақтарға жауап беруі қажет: Не үшін керек? Қандай мақсатта қолданамыз? Қандай пайдасы бар? Осы сұрақтарға жауап бергеннен кейін оқытушы оқушылардың тілге деген қызығушылықтарын арттыру жолдарын қарастыруы керек. Сабақтың қызықты, әрі әсерлі өтілуі мұғалімге, яғни, сабақтың тартымды және қызықты түсіндірілуіне байланысы зор. Сабақ барысында көрнекілік және техникалық құралдарды ұтымды және дұрыс пайдалану жоғарыда айтылған міндетті ойдағыдай шешуге үлкен үлес қосады. Оқушылар шетел тілін оқып, үйренумен қатар сол елдің тарихымен, әдебиетімен, мәдениет және әдет-ғұрпымен танысады. Оқушылардың жаңа тақырыпты жеңіл және түсіне меңгеруіне мүмкіндік туғызып, олардың қызығушылық пен ынтасын, тілге қызығушылығын арттыру жолдарының бірі — ойын.

Соңғы жылдары тіл білімінің ғалымдары және мамандары назарларын тіл үйретудегі жеке грамматикалық формаларды дамытуға емес, тілді белгілі бір мақсатқа жету үшін бір тұтас жүйе ретінде қолдануға және дамытуға бөледі. Коммуникативті біліктілік деп аталатын бұл жаңа салада оқушыларға, тілді қолданыс арқылы дамытатын, мақсатты тапсырмалар беріледі. Ойындар дәл осы мақсатқа жетудің бірден-бір жолы. Біріншіден, ойындар оқушылардың сөйлеу қабілетін дамытады. Екіншіден, мұғалімнің бақылауымен тілді дұрыс қолдануды қамтамасыз етеді және, үшіншіден, оқушылар ойын болғандықтан, ынталана қатысады.

Көптеген тәжірибелі кітап және әдістемелік құралдар жазушыларының дауласуы бойынша ойындар тек уақыт өткізерлік іс-шаралар емес, сонымен қатар үлкен тәлімдік маңызы бар. В.Р.Ли тілге қатысты, «ойындардың көбі үйренушілерге тілдің дұрыс формаларын үйрену орнына тілді қолданысқа енгізеді» деген пікірді ұстанады. Оның айтуынша, «ойындар шет тілдік үйрету бағдарламасының аясынан тыс қалмай, керісінше, маңызды орын алуы керек» [1]. Дәл осы ойды қолдаған Ричард Амато, «ойындар — көңіл көтерерлік іс-шара, алайда тілдің педагогикалық маңызына, әсіресе шет тілін үйретуде немқұрайлы қарап кетпеу керек. Ойындарды қолданудың көптеген пайдалары бар. Ойындар дегбірсізденудің алдын алады және үйренуді жеңілдетеді» [2; 43]. Олар ұялшақ оқушыны өзінің сезімдері мен ойларын жеткізуде жігерлендіреді, себебі ойындардың адамның көңілін көтеруде, рух беруде маңызы зор. Сонымен қатар олар үйренушілерге өзіне тән сабақтарда әрқашан мүмкін бола бермейтін шет тілімен бірге жаңа белестерді алуға мүмкіндік береді. Ричард Аматонның сөзіне назар аударсақ, «ойындар сынып жаттығуларынан аутқиды, бірақ тосқауылды бұзып, жаңа ойды таныстыруда қолданылады» [2; 50]. Жай сөздермен айтқанда, ойындар арқылы қалыптасқан атмосферада, оқушылар оқығандарын тезірек әрі жақсырақ сақтайды. А.Эрсоз да осы ойды қуаттап, «Үйренушілердің тілді болашақ өмірлерінде қолданулары үшін ойын арқылы тілді жаттықтырады» [3] деген.

Ойындар жігер береді, көңілді көтереді, үйретеді және жетік меңгеруді дамытады. Бұл айтылғандардың біреуі де көңіл толтырмаса да, ойындар шет тіліндегі проблемаларды ғана емес, сондай-ақ тілдің керемет сұлулығын сезінуге көмектеседі.

Ойындарды талқылағанда көңілге ой тастарлық факторлар өте көп. Солардың бірі — үйлесімділік. Үйрену процесіне пайдалы ойын таңдағанда мұғалімдер асқан сақтық таныту керек. Ойындардың жақсы көрсеткіш беруі үшін, оқушының деңгейі, жасы және оқыту бағдарламасымен үйлесуі керек. Жас ерекшелігіне байланысты кейбір ойындар оқушымен сәйкеспейді. Әр түрлі жас буындары әр қалай тақырыптарды, материалдарды және ойындардың да әр түрлі тәсілдерін талап етеді. Мысалы, жас бүлдіршіндер қимыл-қозғалысты қажет ететін, еліктіретін, бір-бірімен сайысқа түсетін ойындардан көбірек үйренеді. Сонымен қатар тілдің белгілі грамматикалық жақтарын жаттықтыратын немесе нығайтатын құрылымдық ойындар оқушының қабілетімен біліміне байланыстырылуы керек. Егер тақырыптар үйлеспесе немесе оқушының тәжірибе шеңберінің сыртында болса, ойын, біріншіден, қиындайды, екіншіден, маңызын жоғалтады.

Ойын әсерінің келесі факторы — ойынның ұзақтығы. Көп ойындардың уақыты шектеулі, алайда оқушының деңгейіне және біліміне байланысты ойын ұзақтығын ұзарту немесе қысқарту ұстаздың еркінде.

Ойындар көбінесе көңіл сергітерлік қысқа жаттығулар ретінде немесе сабақ соңында азғантай бос уақыт қалған кезде ойналады. Әйтседе, Лидің пайымдауы бойынша, «ойын оқушы мен оқытушының сабақ уақытында істейтін ісі қалмаған кезде қолданылатын тыс жаттығу ретінде

бағаланбауы керек. Ойындар шет тілдік үйретудің жүрегі болуы керек» [4; 52]. Риксон «Ұқыпты әрі үйлесімді таңдалған ойындар дәрістердің барлық деңгейінде қолданылуы керек» [4; 54] деп, кеңес береді. Сабақтың әр түрлі кезеңдерінде ойынға байланысты мұғалімнің мақсаттары түрленуі мүмкін.

Ойындар көңілді, әрі ұнамды бағытта оқығандарын еске түсіру арқылы үйренушінің қайталау жаттығуларында жақсы қызмет атқарады. Аты аталған барлық авторлардың пайымдауы бойынша, ойындардың көрсеткіші тек айғай-шу мен көңілді оқушылар болса да, оқушыны жігерлендіретіндіктен, сөйлеу мәдениетін дамытатындықтан және жетік меңгертетіндіктен, көңіл бөлуге тұрарлық жайт екеніне еш қарсылықтары жоқ.

Сөз ойындарының жиынтығы — шет тілін үйретуде ұстаздар үшін өте құнды қор. Ең алдымен, жиі кездесетін сөздіктер мен құрылымдарды қолдану арқылы тілдің өркендеуіне негізделі отырып, олар сынып дәрістерін нығайтады, қосымша емле ережесі мен сөйлеу мәдениетін дамытады. Сонымен қатар тыңдауға да жаттықтырады.

Ең нұсқаулы тіл үйретуде ойындар — арнайы құрылымдарды айрықша екіпіндейтін ойындар. Олар тек үйреншікті өрнектерді жаттықтырып қана қоймай, сонымен қатар жеңіл әрі ұнамды бағытта, грамматиканың қиындықтарын ұмыттырып, көңіл көтеруге маңыз бөледі. Мәселен, маңызына қарай Иә/Жоқ сұрақ ойыны, Wh-сұрақтар ойыны, салыстырмалы және күшейтпелі шырайлар ойыны, үстеулер ойыны т.с.с. ойындарды айтуға болады.

Шет тілін үйренуде грамматиканы меңгеру ең маңызды мәселе. Сол себепті оқушының назары мен күш-жігерін грамматикаға бағыттау үшін барлық жолдарды қарастыру қажет. Сол жолдардың бірі — балаларды емін-еркін атмосферада жаттықтыратын ойындар. Жасөспірімдер сыныптан, тақырыптан, бағдарламадан тыс емін-еркін сезінуді ұнатады және білім беру процесінің объектісі емес субъектісі болуды қалайды. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, ойын тудыратын қуат көзі үлкен мақсаттарға жеткізетін күш-жігерді қалыптастырады.

Мұндай ойындар оқу бағдарламасының нақты қай жерінде қолданылады? Грамматикалық ойындар үш түрлі бағытта қолданылады:

1. Диагностикалық бағытта. Жаңа тақырып түсіндірместен сол тақырып бойынша оқушылардың білім дәрежесін анықтау үшін.
2. Тақырып түсіндірілген соң, оқушылардың қаншалықты түсінгенін анықтау үшін.
3. Грамматикалық тақырыптарды қайталау ретінде.

